

**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті жанындағы «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» (8D017- Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты) «6D020500 – Филология» (8D023-Тілдер және әдебиет) мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесіне ұсынылған философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Молдабаева Карлыгаш Ергазиевнаның «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына ресми рецензенттің
ЖАЗБАША ШҚІРІ**

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы); 3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (І. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 21.11. 2018 ж.). 4) ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04. 2016 ж.).
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Қазіргі кезеңде Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер орын алуда. Жоғары оқу орындарын қайта құру, білім беру траекториясын даралау, заманауи түлектердің қажетті құзыреттіліктері мен біліктілік сипаттамаларының тізбесін жаңарту, білім алушылардың академиялық ұтқырлық деңгейін арттыру университеттік білім сапасына жаңа талаптар қояды.

			Қазіргі білім беру парадигмасында білім сапасының көрсеткіштерінің бірі білім алушылардың академиялық сауаттылығының даму дәрежесі болып табылады. Бұл ретте академиялық сауаттылықтың негізгі құрамдас бөлігі және кез келген заманауи маманның негізгі құзыреттілігі болып табылатын академиялық жазу дағдылары мен біліктерін дамытуға басты назар аударылады. К.Е. Молдабаеваның диссертациясы ғылымға төмендегідей үлес қосады: біріншіден, академиялық жазылымның теориясы мен әдіснамасының дамуына, қалыптасуына ықпал етеді; екіншіден, академиялық жазылым тарихын зерделеуге үлес қосады; үшіншіден, академиялық жазылымның метатілін біріздендіруге, ғылыми коммуникацияның талаптары мен ережелерін нақтылауға үлес қосады; төртіншіден, академиялық жазылым түрлерін модельдеудің ғылыми-практикалық жүйесін қалыптастыруға үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі (диссертант В.Н. Базыловтың «Академиялық жазылым» (теориялық және әдістемелік аспект) жұмысында академиялық жазылымды оқыту мәселелерінің қарастырылмағанын және академиялық жазылым ресейлік академиялық қоғамдастықтың пайымдауынша ағылшын тілін оқытудың практикасымен тығыз байланыста болады деген жаңсақ пікір қалыптасты деп атап көрсетеді (16 бет)) бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады (10 бет).
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (7-8 беттер). Диссертацияның өзектілігі білім алушының ғылыми ойлай алуы мен ғылыми жазу дағдысын қалыптастыруды академиялық жазылымның басты мақсаты деп анықтауынан көрінеді. Диссертант білім алушыларда академиялық жазылымды

			қалыптастырудың өзектілігін сыни ойлауды, ақпаратты талдау, синтездеу дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік беруімен, сонымен қоса, академиялық жазылым сауаттылық деңгейін және жазу мәдениетін арттыруға көмектесуімен негіздейді. Аталған дағдылар кез келген маман үшін маңызды болып табылады, себебі, оларды меңгермей, білім алушылар ғылыми дискурста түсе алмайды, нәтижесінде олардың кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктері шектеледі. Бүгінгі білім алушы алған білімін өздігінше қорытып, ойын жүйелеп, дәлелдерін келтіріп, қорытындылап, өз ойымен жазудың теориясы мен практикасын меңгеруі қажет. Демек, академиялық жазудың дәл қазіргі кездегі білім алушыларға, ізденушілерге пайдасы ерекше болмақ. Білім алушылар мен ізденушілер үшін ақпарат ағынының көбеюі, олардың ішінен өздеріне қажеттісін тиімді пайдалана алуы, материалды пайдалануда академиялық әдептің сақталуы, өзінің ойлары мен тұжырымдарын ұсыну, ғылыми еңбектерін халықаралық журналдарда жариялау, оларға қойылатын талаптарды меңгеру т.б. мәселелер ұсынылып отырған диссертацияның өзектілігін негіздейді. Қазіргі кезде мектеп оқушыларынан бастап жоғары оқу орындарының білім алушылары, қала берді бітіруші түлектер, жас мамандардың ауызша сөйлеу, өз ойын айту, ойын дәйектеу, оны қағазға түсіру т.б. дағдылары төмен. Осы кемшіліктерді болдырмау үшін академиялық жазылымды қалыптастыру мен дамытуға арналған, оның теориясы мен әдістемесін ұсынатын ғылыми зерттеулер өте қажет.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (10 бет). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны академиялық жазылымның теориясы мен әдіснамасын, атап айтқанда, академиялық жазылым тарихының қалыптасуы мен дамуын

			анықтауға, ғылыми коммуникацияның жазу және жариялау ережелерін нақтылауға, академиялық жазылымды құру мәдениеті мен этикасын анықтауға бағытталады (14-57 беттер). Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің ғылыми-практикалық жүйесі деп аталатын екінші бөлімде академиялық мәтін жанрлары, олардың түрлері, топтастырылу ұстанымдары анықталады. Диссертанттың назарынан модельдеу теориясы және академиялық мәтіндерді ресімдеу сұрақтары да тыс қалмайды. Академиялық жазылымның эссе жанрын практикалық саралау және модельдеу әдістері ұсынылады. Білім алушылардың академиялық жазылым дағдыларын меңгеруінің практикалық деңгейі сараланып, алынған нәтиже негізінде модельденеді (59-134 беттер).
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (9 бет). Диссертант ғылыми жұмыстың мақсатын академиялық жазылым түрлерін жіктеу және академиялық жазылымның ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау негізінде модельдеу деп нақтылап алып, оған жету үшін төмендегідей міндеттерді шешуге ұмтылады: академиялық жазылымның әлемдік және отандық ғылымда қалыптасып, дамуын, зерттелуін саралау; ғылыми коммуникациядағы академиялық жазылым жанрларын жазу және жариялау ережелеріне шолу жасау; академиялық жазылымды құру мәдениеті мен этикасы, плагиат мәселелерінің туындау себептерін айқындау; академиялық мәтін жанрларының түрлерін талдау және топтастыру; академиялық жазылым түрлері мен тектерін модельдеудің жолдарын көрсету; эссе жанрын практикалық саралау және модельдеу. К.Е. Молдабаева академиялық жазылым түрлері бойынша білім алушылардың меңгеруі тиіс дағдыларын анықтап, жазба жұмысты бағалаудың өлшемшарттарын ұсынады және осы ғылыми пайымдауларын жұмыста дәлелдейді.

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан (тілдік модельдер, академиялық мәтін түрлерінің жазылу үлгілері, эксперимент нәтижелерінің кестелері ұсынылған, электронды нұсқада академиялық терминдер сөздігі берілген) тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген. Диссертацияда бірінші бөлімі мен екінші бөлімі өзара логикалық байланысқан, өйткені ізденуші академиялық жазылымның теориясы мен әдіснамасына байланысты жазылған шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасай отырып, ондағы негізгі ғылыми тұжырымдарды зерделеген, оларға сыни пікір білдірген, соның негізінде өзіндік пайымдауларын ұсынған. Академиялық жазылымның әдіснамасын зерттей отырып, шетелдік ғалымдар ұсынған әдістер мен модельдерді диссертацияның екінші практикалық бөлімін ашуға ұтымды пайдаланған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) <i>талдау жартылай жүргізілген;</i> 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдау бар. К.Е. Молдабаева ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар диссертациялық жұмыста дәлелденіп, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сыни тұрғыдан талдаулар жасалынған (16, 48 бет). Ғылыми ізденіс нәтижесінде қол жеткізген ғылыми-теориялық тұжырымдар лингвомәдениеттану, стилистика, шешендік өнер, қазіргі қазақ әдеби тілі, орфография және пунктуация салаларын теориялық тұрғыдан одан әрі байыта түседі. Диссертант ұсынған жаңа шешімдер тек қазақ және басқа шет тілдерінде сауатты жазуға дағдыландырып қоймайды, кез келген басқа мамандық иелерінің академиялық сауаттылықтарын қалыптастыруға бағыт-бағдар беретін теориялық-әдіснамалық нұсқау бола алады (76-104, 119 беттер).
5.	Ғылыми жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Диссертант зерттеу барысында өзіндік

	принципі	1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	талдаулар жасап, тың тұжырымдар ұсынған. Диссертацияның ғылыми нәтижелері халықаралық Scopus мәліметтер базасына енгізілген басылымдарда 1 мақала, ҚР ҒЖЖБМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 3 мақала, халықаралық шетелдік журналда 1 мақала және халықаралық және практикалық конференцияларда 5 мақаланың жарық көруімен расталады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеуде алынған қорытындылар толығымен жаңа. Қазақстан ғылымы үшін «Академиялық жазылымның» жаңа термин екенін атап көрсеткен, дегенмен оның бастауы қазақ тілінің стильдік тармақталуын зерделеп, ғылыми мәтіндердің мазмұндық-құрылымдық сипатын анықтауға арналған еңбектерде деп тұжырымдайды. Қазақ тіл білімінде академиялық жазылым дискурсын зерделеуге арналған еңбектердің пайда болғанын, академиялық жазылымды қалыптастырудың әдіс-тәсілдері де айқындалғаны туралы жазады. Ғылыми жарияланымның уақыт мен кеңістігі шексіз екенін айта отырып, академиялық жазылымды әлем бойынша кәсіби мамандарды белгілі бір зерттеу мәселесін шешуге жұмылдыратын академиялық мәтін деп анықтайды. Әлемнің жетекші университеттері қалыптастырған жаһандық ғылыми коммуникацияның негізін құрайтын риторикалық және жарияланымдық конвенциялар, осы конвенцияларға сәйкес мәтін жазудың әдістерін зерделеу қазақстандық академиялық жазылымның қалыптасуына, дамуына, зерттеушілердің жарияланымдық белсендігін арттыруға ықпал етеді деп қорытынды жасалады. Академиялық этика мәселелері академиялық жазылымның ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырылады және батыс елдерінің жоғары оқу орындарында академиялық адалдық талаптары қатаң сақталады. Зерттеу жұмысында ұсынылған тәжірибе нәтижесі еліміздің жоғары оқу орындарындағы академиялық этика мәселелерін анықтап, академиялық этиканың сақталмауының алдын алады деп тұжырымдайды.

			Академиялық жазылымның басты мақсаты – сауатты ғылыми мәтін құрастыру деп қорытынды жасайды. Зерттеу жұмысында ұсынылған академиялық мәтін жанрларының жіктелуі мен құрылымдық-мазмұндық модельдері академиялық сауаттылық деңгейін көтеруге ықпал етеді. Болашақ маман жазу арқылы олар өз ойларын сауатты жеткізе отырып, академиялық дискурсқа түседі, оның зияткерлік әлеуетін көтереді деп қорытынды жасайды. Эссе – студенттің тілдік деңгейін нақты айқындайтын жазба жұмыстарының бірі, себебі эссе жазу барысында студент тек грамматика мен пунктуация ережелерінің меңгерілу деңгейін ғана емес, сонымен қоса, лексикалық бірліктерді сәтті қолдана отырып, сыни ойлау, аргументация, пікір білдіріп, оны тұжырымдау сияқты маңызды дағдыларды қалыптастырады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Диссертацияның әрбір нәтижесі, ғылыми тұжырымдары, түйіні мен қорытындылары жалпы тіл білімі, қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану, стилистика, шешендік өнер, орфография, орфоэпия салаларына қатысты еңбектерге негізделген. Ізденуші модельдеу теориясының зерттелуіне жан-жақты талдау жасаған, модель, моделдеу ұғымдарына анықтама берген. Ағылшын тілінде жазылым дағдыларын қалыптастыруда сызбалы модельдеу әдісі кең қолданылатынына назар аударады. К.Е. Молдабаева модельдеу теориясын зерттеген ғалымдардың еңбектерінің негізінде тілдік модельдерге классификация жасап, модель дайындаған. Атап айтсақ, тілдік модельдердің классификациясы (68 бет), ғылыми мақаланың лингвистикалық моделі (75 бет). Академиялық мәтіндерді рәсімдеу жан-жақты зерттелген. Бұл – зерттеушінің теориялық дайындығының молдығын көрсетумен қатар, жұмыстың құндылығын арттырып тұрған тұстардың бірі. Зерттеу барысында диссертант басшылыққа алған іргелі теориялық тұжырымдар мен әдістер жұмыстың теориялық

			негізделуінің дәйектелуі дұрыстығын көрсетеді. Ізденушінің түйіндері мен нақты қорытындыларын жұмыстың нәтижесі ретінде бағалауға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу барысында академиялық жазылым жанрлары, олардың құрылымдары, жаңадан модельдеу, модельдеудің жолдары, тәжірибесі, теориясы толықтырылған. Білім алушылардың академиялық жазылым деңгейі зерттелген, сараланған, нәтижесінде модельдеу басты критерий ретінде алынған. Эссе жазу деңгейлері сараланған және сол арқылы модельдеу ұсынылған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар: 1. Академиялық жазылымның әлемдік және отандық ғылымда өзіндік орны бар, әр дәуірдің академиялық ойлауы негізінде белгілі бір дәрежеде қалыптасып, дамығандығы көрсетілді, соған сәйкес академиялық жазылымның тарихы тереңде деп танылады; 2. Академиялық жазылымның жүйелі құрылуы мен ресімделуінде ғылыми коммуникациядағы риторикалық және жарияланымдық ережелердің маңызы ерекше; 3. Плагиат мәселесі академиялық жазылым ережелерінің лайықты әрекет етпеуінен, зерттеуші тарапынан ғылыми этика талаптарының сақталмауынан орын алады; 4. Академиялық жазылым түрлері мен тектерін модельдеу – академиялық жазылымды игерудің алғышарты; 5. Эссе жанры – мектептен бастап жазылатын, кеңінен қолданылатын жанр ретінде практикалық тұрғыдан сараланып, моделінің жасалуы - бүгінгі білім берудегі стратегиялық мәселелерді шешеді; 6. Академиялық жазылым дағдыларын меңгертудің практикалық деңгейі зерттеліп, сараланды, жазылым дағдыларын қалыптастыратын бағыттар ұсынылды.

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған. - академиялық дискурстың ерекшеліктері мен теориясын зерделеу үшін эмпирикалық әдістер қолданылған; - академиялық жазылымның қалыптасып, дамуын зерттеу барысында анализ, синтез, индуктивті және дедуктивті әдістер қолданылған; - ЖОО-да жазба жұмыстың орындалуын бағалау барысында сандық және сапалық зерттеу әдістері жартылай құрымдалған интервью және сауалнама қолданылған; - жинақталған ақпаратты талдау Excel және AtlasTI бағдарламасын қолдану арқылы жасалған; - кестелік талдау әдісі деректерді тексеру және алдын ала бағалау, маңызды мәселелерді сұрыптау және одан әрі қарай егжей-тегжейлі зерттеу мақсатында маңызды ақпаратты айқындау үшін пайдаланылған; - білім алушылардың эссе жазу дағдыларын саралау барысында тақырыптық талдау әдісі қолданған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертант білім алушылардың жазба жұмыстарын бағалау барысында сандық және сапалық зерттеу әдістері жартылай құрылымдалған интервью және сауалнама алуды компьютерлік технологияны қолданып ұйымдастырған. Жинақталған ақпаратты талдау Excel және AtlasTI бағдарламасын қолдану арқылы жасалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Диссертант жоғары оқу орындарында плагиат қолдануға студенттердің көзқарасын анықтау мақсатында сандық зерттеу әдісі сауалнама жүргізілген,

		нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	нәтижелері талданып, қорытынды жасалған. Білім алушылардың плагиат қолдану түсініктерін анықтау бойынша жүргізілген сауалнама негізінде ұсыныстар жасалған. Қазақ тілінде және шет тілінде білім алатын студенттердің эссе жазу деңгейін бағалау үшін эксперимент жүргізілген, нәтижелері салыстырыла талданған, қорытынды жасалған. Зерттеу нәтижесінде ізденуші академиялық жазылымды меңгерген және меңгермеген студенттерге жан-жақты сипаттама берген (115 бет). Білім алушылардың эсселерін саралау негізінде эссе жазудың моделі даярланған, олардың әр бөлімі сипатталған. Қазақстанның жоғары оқу орындарының бакалавр бөлімінің студенттерінің академиялық жазылым дискурсын түсіну деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама және сұхбат нәтижелері талданған, тұжырымдар жасалған (131-134 бет).
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны – 125. Академиялық жазылымның жақын шетелдік авторлар И.Б. Короткина, М.Б.Квициния, И.В. Третьякова, Л.А. Милованова, В.В. Радаев, А.Ф. Ануфриев, М. Ф. Шкляр және басқалардың еңбектері, алыс шет елдің авторлары Street B, Green B., Beavis C, K.Hyland., N.Sommers, M.R.Lee, L.Ryan, R. Barrass, R. Tetzner және тағы басқа осы салада зерттеу жүргізген көптеген ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынып, сілтеме жасалған. Қазақ тілінің стильдік тармақталуын зерделеп, ғылыми стильдің академиялық жазылымға әсерін айқындауда А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, А. Аманжолов, К. Аханов, Т. Сайрамбаев, Р.Сыздық, Б.Әбілқасымов, Ф. Оразбаева, Қ. Күдерінова, Б. Қапасова және басқа да отандық зерттеушілердің еңбектері қарастырылған. Қазақстанда академиялық жазылымның дискурсын зерделеу барысында С.Қ. Әлісжан, Е.Оспанов, Б.Б. Динаева, С.М.Сапина, А.А. Баяхметова, М.Ж. Дусенбина, Ф.К. Исеновалардың еңбектері, сондай-ақ академиялық мәтіндер түрлерін саралау барысында Ж.Қ. Смағұлов, С.У. Такиров, Ж.А. Рүстемова, Д.А.

			Есенгалиев, Е. Көбеген, С.К. Кабылқанов, А.Г. Бурумбаев, З. Ахметов, Т. Шаңбаев, М.С. Жолшаева, А.Қ. Тұрысбек және т.б. ғалымдардың еңбектері негізделген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды қосқанда 125 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар еліміздегі академиялық жазылымның қалыптасуына, даму негіздеріне, теориясына үлес қосады. Қазақ ғылымындағы академиялық жазылымның қалыптасу тарихы, дамуы, зерттелуі, сондай-ақ ғылыми коммуникациядағы конвенциялардың жаңаша сипат алуы, жарияланымдарды жаңаша рәсімдеу, академиялық жазылым жанрларының құрылымдары, жаңадан модельдеу, модельдеудің жолдарының теориясын толықтырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы болып зерттеу жұмысында алынған нәтижелер орта мектептерде, ЖОО-дағы үш деңгейлі (бакалавриат, магистратура, докторантура) білім беру жүйесінде академиялық жазылымды оқытудың бағыттары мен әдістерін анықтауда, жазбаша коммуникацияға түсетін студенттерді жаңа интеграциялық ортада қарым-қатынас жасауға үйретуде, оқытудың кешенді бағдарламаларын, оқу құралдарын жазуда, ресми құжаттар мен басқа да ғылыми стиль түрлерінде дайындалатын мәтіндерде кеңінен қолданылады. Білім алушыларға эссе, мақала жазудың талаптарын үйретеді, академиялық сауаттылықтарын арттырады. Халықаралық ғылыми журналдарға мақала дайындаудың талаптарымен таныстырады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ;	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Академиялық жазылым, оның түрлі сұрақтары, оған қойылатын талаптар мен өлшемшарттар,

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	модельдері, жанрлық түрлері, ерекшеліктері осы диссертацияда алғаш рет кешенді қарастырылып отыр. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. К.Е. Молдабаеваның диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады. Диссертацияның әрбір нәтижесі, ғылыми тұжырымдары, түйіні мен қорытындылары қазіргі қазақ әдеби тілі, стилистика, сөз мәдениеті, лингвомәдениеттану, шешендік өнер салаларына қатысты еңбектерге негізделген.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру**;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Молдабаева Карлыгаш Ергазиевнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
 Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы,
 филология ғылымдарының докторы, профессор

Исакова С.С.



08.12.2023